

Әйтеке би кенті әкімінің 2025 жылғы 09 қыркүйектегі №394 шешімінің қазақ тіліндегі нұсқасын өзгеріссіз қалдыру туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2025 жылғы 2 қазандағы № 433 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2025 жылғы 26 тамыздағы № 2 қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйтеке би кентіндегі келесі көшелеріне:

1) Ерімбет Көлдейбекұлы көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге "Тәкей Есетовтің" есімі;

2) Талант Бөріқұлақов көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге "Әбжами Байшуақовтың" есімі;

3) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге "Нағымет Ыматтың" есімі;

4) Әбубәкір Теміровпен қатар жатқан атауы жоқ көшеге "Өмірзақ Ахметовтың" есімі;

5) 5 кварталдағы Қорқыт ата көшесімен қиылысатын Қани Медетбаев көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге "Уснадин Сапаровтың" есімі;

6) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын № 8 атауы жоқ көшеге "Ізбасқан Ежегеевтің" есімі;

7) 5 кварталдағы Айдарбек баба көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге "Шүкір Оспановтың" есімі;

8) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын № 5 атауы жоқ көшеге "Данияр Жұпарбаевтың" есімі;

9) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын № 6 атауы жоқ көшеге "Зәйну Таңжарықовтың" есімі;

10) 5 кварталдағы Әзімжан Әліпбаев пен Жетес би көшесі аралығындағы атауы жоқ көшеге "Жұмат Рашовтың" есімі;

11) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын № 7 атауы жоқ көшеге "Садуақас Махашовтың" есімі;

12) 2 кварталдағы Жеті Ишан көшесімен қиылысатын Құлмұрат Қуатов көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге "Қалдан Бештембековтің" есімі;

13) Әбубәкір Теміровпен қатар жатқан атауы жоқ көшеге "Мағзам Жүрімбетовтің" есімі берілсін.

2. Әйтеке би кентіндегі келесі көшелері:

1) "Біржан сал" тұйық көшесі "Белкөл" есімімен;

2) "Дәстен Оразымбетов-1" көшесі "Айнакөл" есімімен қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

А.Абиев